

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеген және оқыту педагогикасы даярлау бағыттары
бойынша академиялық комитет мәжілісінің
№4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20.05.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, аға оқытушы Б.Ауезов, АК мүшелері – PhD, аға оқытушы, М.Сұлтанбек PhD, аға оқытушы С.Сахитжанова, аға оқытушы Ж.Шалабаева; жұмыс беруші өкіл №23 IT мектеп-лицейінің директордың оку ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ақилбекова, білімгерлер 7M01303- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі магистрант Ж.Актай; білімгер А.Жайлау.

Қатыспагандар: -

Күн тәртібінде:

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау.

1-мәселе бойынша сөз АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Б.Ауезовсөз алып Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларының маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл процедуралар білім беру бағдарламаларының сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Университеттің ішкі сапа жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылатын сыртқы сапа бақылау механизмдері тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерімен, атап айтқанда, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (APTA) арқылы жүргізіледі. Оның айтуынша, сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс, сонымен бірге әрбір бөлімшешін өзіне жүктелген міндеттері нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ, ол осы процестердің нәтижелі болуы үшін барлық факультет пен кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысуы қажет екенін атап өтті.

Сапа көрсеткіштерінің нәтижелерін талдау бойынша аға оқытушы С.Сахитжановаға сөз берілді: Өткен оку жылындағы постмониторинг нәтижелеріне тоқталды, талдау барысында білім беру бағдарламасының орындалу деңгейі, студенттердің оку жетістіктері, олардың практикадан өту барысы және оқытушылар құрамының кәсіби дайындығы қарастырылғанын айтты. Нәтижесінде, білім беру сапасын арттыру үшін келесі маңызды бағыттарға ерекше назар аудару қажеттігі анықталды: студенттердің оку тәжірибесін жетілдіру және практикаға бағыттау, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру, білім алушылардың пікірін жинақтап, оларды оку үрдісіне тиімді енгізу. Ол білім беру сапасын арттыру – бұл үздіксіз және жан-жақты үрдіс екенін атап, барлық ұсыныстар жүйелі түрде енгізілуі тиіс деді.

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету бойынша есеп дайындау жұмыстары туралы кафедра менгерушісі А.К. Рысбековаға сөз берілді: Аккредиттеу мен постмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірді. Ол есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатаң сақталуы керек екенін, бұл құжаттың сапаны дәлелдейтін маңызды ресми құжат екенін айтты. Есепті дайындау барысында постмониторинг нәтижелері, академиялық мазмұнның өзектілігі, білім алушылардың жетістіктері, оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық база, сондай-ақ білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылуы тиіс. Осы мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, нақты мерзімдер белгіленуі қажет деп шешілді. Бұл топ есептің сапалы әрі уақытылы дайындалуына жауапты болады.


Жұмыс беруші өкіл №23 IT мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ақилбековаөз пікірін білдірді: Ол қазіргі білім беру ұйымдарының талаптары күрделеніп, кәсіби мамандардан біліктілік пен құзыреттіліктің жоғары деңгейін талап ететінін атап өтті. Сондықтан білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету және оның түлектердің еңбек нарығындағы сұранысына сай болуын қамтамасыз ету максатында жұмыс берушілердің ұсыныстары есепке алынуы өте маңызды. Бұл ұсыныстар студенттердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және олардың үнемі өзін-өзі дамытуға бағытталуы керек деген пікір айтты.

АК төрағасы, PhD, аға оқытушы Б.Ауезов: Құрметті АК мүшелері, алда бізді үлкен және маңызды жұмыстар күтіп тұр. Егер біз бірлесе жұмыс атқарсак, барлық мәселелердің оңтайлы шешімін табатынымызға сенімдімін.

ШЕШІМ:

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын жүйелі түрде ұйымдастыруды жалғастырысЫН.
2. Нәтижелерді мұқият талдап, алынған деректер негізінде сапаны жақсарту бойынша ұсыныстарды енгізілсін.
3. Талдау нәтижелері бойынша толық есеп дайындал, белгіленген мерзімде тапсырылсын

АК төрағасы:
Хатшысы:


Б.Ауезов
Ж.Шалабаева